



2019 жылдың 30 қаңтары күні сағат 11.00-де С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Алтын өлке» өлкетану клубының мүшелерімен бірге «Оқитын өлке» облыстық акциясы аясында өлкеміздің ақыны Сарышөлак Боранбайұлы тандалған болатын. Осыған орай «**Артында дастан, жыр калып...**» атты әдеби сағатын өткізді.

□□□□ **Максаты:** ақын Сарышөлак Боранбайұлының шығармасын насихаттау. Жастарды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, рухани мұраны сақтауға және әдеби кітаптарды оқуға ынталандыру болып табылады.

Шара барысында кітапхана қызметкері Нұрсұлтан Әбжанов биылғы акция барысында тандалып отырған ақын Сарышөлак Боранбайұлы жөнінде мағлұмат беріп, ақынның шығармаларын насихаттап, оқушыларға өлеңдерін оқып шығуға кеңес берді.

Шараға №36 орта мектебінің оқушылары мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Гүлбану Махаева қатысып, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар кітапханамыздың жас кітапханашылары Лаура Сұлтанбекова ақынның «Мені де бір күн іздейді», Ақниет Кошербайқызы «Қыздың сәні келер ме», Аялым Зейнекен «Қалмақтан қиын болды да», №36 орта мектебінің оқушысы Назерке Назарова «Мекені ұлы жұрттың бұрынғыдан» өлеңдерін мәнөрлеп оқыды.

Шарада Сарышолок Боранбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған слайд көрсетіліп, Нұрлыбек Аманшауының орындауындағы «Мен толғасам тереннен» толғауын бейнебаян арқылы тамашалады. «**Артында дастан, жыр калып...**» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеге Лаззат Бултекова библиографиялық шолу жасады.

«Артында дастан, жыр калып...» әдеби сагаты

Автор: Administrator
30.01.2019 00:00 -

